Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы осы Шартта белгіленген мерзімде және Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша Шарттың шарттарына сәйкес қызметтер көрсетуді (бұдан әрі – Қызметтер) міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, көрсетілген Қызметтерді қабылдап, төлеуге міндеттенеді.

1.2. Орындаушы – ____ елінің заңнамасына сәйкес тіркелген тұлға, салықтық тіркеу нөмірі:«» _____(егер Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, осы тармақ толтырылады).

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Орындаушы Шарттың жалпы сомасын ұлғайтуға құқылы емес, тіпті Шарт жасасу кезінде көрсетілетін Қызметтердің толық көлемін немесе оларға қажетті шығындарды алдын ала анықтау мүмкін болмаған жағдайда да. Егер Шартта көзделмеген, бірақ Қызметтерді аяқтау үшін қажетті қосымша қызметтер анықталса, Орындаушы оларды өз күшімен және ең қысқа мерзімде атқарады, және бұл қосымша жұмыстар Орындаушының күтпеген шығындары есебінен жүзеге асырылады, Шарт сомасын арттырмай. Бұл ретте Орындаушы Тапсырыс берушіден аталған қосымша жұмыстарға жұмсалған шығындарды өтеуді талап етуге құқылы емес.

2.1.2. Егер Орындаушының нақты шығындары сметада көрсетілгеннен аз болып, бұл үнемдеу көрсетілген Қызметтердің сапасына теріс әсер етпесе, Тапсырыс беруші мұндай үнемдеуді Тараптар арасында тең бөлісуге құқылы.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Қызметтер көрсетілгені туралы Акт;

2.4.3. Қажет болған жағдайда басқа да актілер (егер Қызмет көрсету кезінде олардың рәсімделуі талап етілсе);

2.4.4. Шот-фактура;

2.4.5. Өзара есеп айырысу актісі (соңғы есеп кезінде рәсімделеді).

2.5. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Шот/шот-фактура Тараптар қол қойған Орындалған қызметтер актісінің негізінде жазып беріледі және Тапсырыс беруші Орындалған қызметтер актісіне қол қойған күннен (өткізу бойынша айналым жасалған күннен) ерте емес және көрсетілген күннен кейін 15 (он бес)

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

күнтізбелік күннен кешіктірмей жазылуға (күн қойылуға) тиіс.

2.7. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотқа толық немесе жартылай наразылық білдірсе, ол бұл туралы Орындаушыны дереу хабардар етуге тиіс. Даулы мәселе Тапсырыс берушінің пайдасына шешілген жағдайда, Орындаушы даусыз сомаға жаңа шот ұсынуы қажет. Тараптар даулы сомалар бойынша барлық келіспеушіліктерді тез арада шешуге және оларды түзетуге бар күш-жігерін салуға міндетті.

2.8. Кез келген шот-фактура бойынша төлемнің жасалуы, жасалмауы немесе оған қарсы келіспеушілік білдірілуі, сондай-ақ осы әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Орындаушы шоттарын мойындауы болып саналмайды. Тапсырыс берушінің кез келген төлемі оның болашақта шотта көрсетілген соманың негізділігін даулауға құқығын сақтай отырып жүргізіледі.

2.9. Шарт бойынша соңғы есеп айырысуға дейін Тараптар өзара есеп айырысудың актісіне қол қояды. Бұл актінің нысанын Тапсырыс беруші ұсынады, ал Орындаушы оны алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қойып, Тапсырыс берушіге қайтарып беруге міндетті.

2.10. Есеп айырысу кезінде Орындаушы келесімен келіседі: Тапсырыс беруші төлемге жататын соманы біржақты тәртіппен (өзара есепке алу арқылы) төмендетуге құқылы: • Орындаушының міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы үшін Тапсырыс беруші белгілеген айыппұлдар мен залалдар сомасына; • Төленген аванстар сомасына; • Орындаушының Тапсырыс берушіге төлеуге тиісті кез келген берешегі сомасына.

2.11. Осы Шарт бойынша төлемдер, ең алдымен, Орындаушы көрсеткен қызметтер үшін төленуге тиісті қарызды өтеуге бағытталады (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес).

2.12. Осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының шегінде Орындаушыға ақша қаражатын аударуға байланысты шығыстарды Тапсырыс беруші, ал Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге ақша аударуға байланысты барлық басқа шығыстарды, оның ішінде корреспондент-банктердің банктік комиссияларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Орындаушы көтереді. Орындаушы Тапсырыс берушіге ақша аударуға байланысты барлық шығындарды көтереді.

2.13. Тапсырыс беруші құжаттар пакетін, оның ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін тиісінше ресімдемеуге және/немесе төлеуге уақтылы ұсынбауға байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.14. Осы Шарт бойынша төлем теңгемен, Орындаушының осы Шарттың 18-бөлімінде көрсетілген есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару арқылы жүзеге асырылады.

2.15. Егер Тапсырыс беруші мен Орындаушының банктік деректемелері немесе заңды мекенжайлары өзгерген жағдайда, Тараптар бұл туралы бірін-бірі осындай өзгеріс болған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей алдын ала хабардар етуге міндетті. Егер көрсетілген мерзім бұзылса немесе Орындаушы төлем үшін қате деректемелер көрсетсе және төлем қате деректемелер бойынша жүргізілсе, Тапсырыс беруші төлем жөніндегі өз міндеттемелерін тиісінше орындаған болып есептеледі. Осы ретте, егер аударылған ақша қаражаты Тапсырыс берушінің есепшотына қайтарылса, Тапсырыс беруші бұл ақшаны Орындаушыға қайта аударады, бірақ қате деректемелерге төлем жіберу салдарынан туындаған қосымша шығындардың сомасын біржақты тәртіпте ұстап қалуға құқылы.

2.16. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, төлем Орындаушы ұсынған және осы Шарттың №11 қосымшасында бекітілген «Төлем шотының/инвойстың нысаны» бойынша рәсімделген шот/инвойс негізінде (шот-фактурасыз) жүзеге асырылады, мұнда төлем сомасынан табыс төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы шегеріледі. Бұл ретте Орындаушының құқығы бар: • Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, халықаралық шартта табыс пен капиталға салық салудан жалтаруды болдырмау және қосарланған салық салуды болдырмау мәселелерін реттейтін өзге ережелер көзделсе, бюджеттен ұсталған корпоративтік табыс салығын өз бетінше қайтаруға; немесе • Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстар мен ұсталған (төленген) салықтар сомалары туралы анықтама алу, бұл анықтама Орындаушының резиденттік еліне салық есебінде табысты есепке алу үшін қажет. Анықтаманы салық агенті ретінде Тапсырыс беруші де ала алады. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және қосарланған салық салуды болдырмау туралы қолданылатын халықаралық шарттарда (бұдан әрі – Конвенциялар) көзделген тәртіпте, сондай-ақ Салықтық келісімдерге қатысты шараларды іске асыру жөніндегі Көпжақты конвенцияны (бұдан әрі – MLI) қолдану жағдайында, белгілі бір талаптар мен критерийлер орындалған кезде, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасында Орындаушының табыстарын салық салудан босату немесе оларға төмендетілген мөлшерлеме қолдану туралы шешімді өз бетінше қабылдауға құқылы.

2.17. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде, егер Орындаушының Шарт шеңберінде тартқан Орындаушының қызметкерлерің және (немесе) орындаушылары (бірлесіп орындаушылары) не Орындаушының бірлесіп орындаушысының қызметкерлері (бұдан әрі – қызметкер (лер)) болып табылатынын Қазақстан Республикасының бейрезидент тұлғалары немесе азаматтығы жоқ тұлғалар ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты болатын деп танылады (яғни, осы Шартқа қол қойылған күнтізбелік жылы аяқталатын кез келген кезекті он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (кіру және шығу күндерін қоса алғанда) болады; осы Шарт қолданылады; қол қойылған көрсетілген қызметтердің Актісі (Актілері), мұндай қызметкерлердің табыстарына Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 693 – бабына сәйкес жеке табыс салығы (бұдан әрі - ЖТС) салық салуға жатады. Қызметкерлердің кірістерінен ЖТС ұстап қалудың уақтылығы мен толықтығы үшін жауапкершілік Тапсырыс берушіге салық агенті ретінде жүктеледі. ЖТС бойынша міндеттемелер осы тармақтың мынадай тармақшаларында белгіленген тәртіпке сәйкес орындалады.

2.17.1. Салық міндеттемесін орындау мақсатында Тапсырыс беруші Шарт бойынша Қызметтер үшін әрбір төлемді жүзеге асырған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

кезде Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 693-бабына сәйкес Жұмыскерлердің кірістерінен жеке табыс салығын (ЖТС) есептейді, ұстап қалады және аударады. Бұл ретте салық Қазақстан Республикасының заңнамасында кірісті төлеу күні белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептеледі.

2.17.2. Орындаушы Тапсырыс берушіге №12 қосымшада көрсетілген нысан бойынша барлық Жұмыскерлер туралы деректерді көрсете отырып, Жұмыскерлердің паспорттарының (Жұмыскерлердің жеке басын куәландыратын, заңнамада көзделген өзге де құжаттардың) көшірмелерін, Қазақстан Республикасына кіргені және Қазақстан Республикасынан шыққаны туралы шекаралық бақылау-өткізу пунктінің белгілері бар құжаттарды, сондай-ақ Жұмыскерлердің Қазақстан Республикасында болған уақытын растайтын өзге де құжаттарды қоса бере отырып, мынадай мерзімдерде ұсынады: (1) Шартқа қол қойылған кезде (ақпарат шарт жасалған жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап шарт жасалған күн бойынша деректерді қамтуы тиіс); (2) көрсетілген қызметтердің әрбір Актісіне қол қойылған күнге (ақпарат көрсетілген қызметтер Актісіне қол қойылған жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап көрсетілген қызметтер Актісіне қол қойылған күн бойынша деректерді қамтуға тиіс). Көрсетілген құжаттар Тапсырыс берушіге ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген кезекті он екі айлық кезеңде 183 (бір жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн (кіру және шығу күндерін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының аумағында әрбір қызметкердің болуын/болмауын айқындау және ЖТС сомасын айқындау үшін ұсынылады. Орындаушы әрбір Жұмыскердің осы тармақты орындау шеңберінде оның дербес деректерін, оның ішінде трансшекаралық беруді (ол болған жағдайда) жинауға, өңдеуге және Тапсырыс берушіге беруге жазбаша келісімінің болуын қамтамасыз етеді.

2.17.3. Ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген қатарынан он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында кемінде бір жүз сексен үш күнтізбелік күн (кіру және шығу күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлер бойынша көрсетілген қызметтер Актісімен бірге келесі құжаттар ұсынылады: 1) Қазақстан Республикасына жіберілген әрбір Қызметкермен жасалған жеке еңбек шартының (келісімшартының) және/немесе азаматтық-құқықтық шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі; 2) Жұмыскермен жасалған еңбек шарты және/немесе азаматтық-құқықтық шарт бойынша Жұмысшының еңбек қызметінен алған табысы туралы мәліметтерді қамтитын Орындаушының тұрғылықты жерінің заңнамасында көзделген өзге құжат.

2.17.4. Осы Шарттың 2.17.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы (толық немесе ішінара) соңғы Қызмет көрсету актісіне қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Орындаушыға қайтарылуы мүмкін. Тапсырыс беруші қайтарылатын ЖТС сомасын осы Шарттың 2.17.5-тармақшасында көрсетілген формула бойынша анықтайды, егер төмендегі шарттар орындалған болса: 1. Барлық Қызметкерлер бойынша 2.17.2-тармақшада көрсетілген құжаттар ұсынылған болса; 2. Осы Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және 183 немесе одан да көп күн елде болған барлық Қызметкерлер бойынша 2.17.3-тармақшада көрсетілген құжаттар толық көлемде және мерзімінде ұсынылған болса.

2.17.5. Қайтарылатын ЖТС сомасы мынадай тәртіппен айқындалады: ЖТСқайтар = ЖТСұст – ЖТСрез, мұндағы: ЖТСқайтар – Мердігерге қайтарылуға жататын ЖТС сомасы; ЖТСұст – Шарттың 2.17.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы; ЖТСрез – Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 222-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының салық резиденттері деп танылған Жұмыскерлердің кірістерінен есептелген, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында жеке тұлғалар – резиденттер үшін көзделген мөлшерлемелер бойынша қайта есептелген және салықтық шегерімдер ескерілген жеке табыс салығының сомасы, бұл ретте көрсетілген кірістер мен шегерімдерге құқық Шарттың 2.17.3-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталған жағдайда. Қайта есептеу үшін кіріс сомасы (ЖТСрез) Шарттың қолданылу мерзімі шегінде Жұмыскерлердің Қазақстан Республикасында іс жүзінде болған күнтізбелік күндерінің санына пропорционалды түрде айқындалады.

2.17.6. Егер Орындаушы 2.17.2 және 2.17.3 тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса, сондай-ақ осы тармақтың 2.17.2 тармақшасында көрсетілген ақпаратқа сәйкес, шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген Қызметкерлердің кем дегенде бірі ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген он екі айлық кезең ішінде (келу және кету күндерін қоса алғанда) Қазақстан Республикасында 183 немесе одан да көп күн болғаны анықталса және 2.17.3 тармақша шеңберінде қажетті құжаттар ұсынылмаса, онда Тапсырыс беруші осы Шарттың 2.17.1 тармақшасына сәйкес ұсталған жеке табыс салығының (ЖТС) бүкіл сомасы Орындаушыға қайтарылмайды және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді. Орындаушы осы тармақтың талаптарын тиісінше орындамаған жағдайда, соның ішінде жалған ақпарат ұсынған болса, Тапсырыс берушінің талабымен, соның салдарынан келген залалды, соның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндетті.

2.18. ҚР салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.19. Осы Шарттың нормаларында Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес ережелер көзделгеніне қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше ережелер белгіленсе, онда сол халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2.20. Осы арқылы Орындаушы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның несиелік тәуекелдерді басқару жөніндегі Корпоративтік стандартымен танысқанын және оның шарттарымен келісетінін растайды.

2.21. Шарттың жалпы құны жоспарлы болып табылады және Тапсырыс берушіні жоғарыда көрсетілген барлық сомаға сатып алуды жасауға міндеттемейді.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.1. Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Орындаушы жол парақтарына (талондарға) қол қоюға құқығы бар уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындайды және Тапсырыс берушіге уәкілетті тұлғалардың қол үлгілерін, сондай-ақ Орындаушының жауапты құрылымдық бөлімшесінің мөр (штамп) үлгісін ұсынады.

3.2. Тапсырыс беруші Орындаушыға апталық өтінімдерді алдыңғы аптаның жұма күні сағат _ дейін (___ қаласының уақытымен) ұсынады, өтінімде көлік түрі, күні, бағыты және/немесе жұмыстар жүргізілетін орны көрсетіледі (Қосымша №___). Апталық өтінімнен бөлек, күн сайын сағат ___ дейін келесі күнге арналған нақтыланған тәуліктік өтінім ұсынылады, онда көлік түрлері, орындар, бағыттар және нысандардағы жұмыстардың уақыты көрсетіледі (Қосымша №___). Мереке және демалыс күндеріне өтінімдер бөлек ұсынылады. Орындаушы сағат ___ дейін Тапсырыс берушінің қызмет көрсетуге жауапты құрылымдық бөлімшесіне келесі күннің тәуліктік өтінімін орындау туралы кері байланыс беруге міндетті, онда көлік маркасы мен мемлекеттік нөмірлері көрсетіледі. Орындаушы Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес белгіленген уақытта және орында техникалық жағынан жарамды, жанармаймен қамтамасыз етілген және қажетті рұқсат құжаттары бар тиісті сан мен типтегі көлік құралдарының шығуын қамтамасыз етеді. Көліктің тәуліктік жұмыс ұзақтығы Тапсырыс берушімен реттеледі. Орындаушының көлік құралдарының қозғалыс бағытын Тапсырыс беруші белгілейді және ол _____ облысының және Қазақстан Республикасының шекарасымен шектелмейді.

3.3. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша көлік құралдарын ұсыну кезінде Орындаушы жүргізушіге өзінің тарапынан қол қойылған жол парақтарын береді. Қызмет көрсету аяқталған соң, нақты көлік пайдалану уақыты көрсетілген жол парақтарына Тапсырыс беруші қол қояды.

3.4. Орындаушы күн сайын пайдаланылған көлік құралдарының нақты деректерін (жүріс және пайдалану уақыты) көрсету үшін Тараптармен келісілген нысандағы жол парақтарын (талондар, маршруттық парақтар) ұсынады және өткен күн бойынша әрбір көлік бірлігіне Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасының қолын алады.

3.5. Жедел өтінімдер қажетті шығу уақытына дейін 1 сағат бұрын берілуі мүмкін. Автокөлікке жедел өтінімдер түскен жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіні автокөлікпен дереу (1 сағаттан кешіктірмей) қамтамасыз етеді.

3.6. Орындаушы ұсынылған автокөліктердің тұрақтауын/қоймасын, күзетін, тазалығын, жуу және салонын химиялық тазалау жұмыстарын қамтамасыз етеді, сондай-ақ автокөлікті тиісті күйде ұстауға қажетті барлық өзге де шығындарды өз есебінен көтереді.

3.7. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес автокөліктердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді және өз қаражаты есебінен автокөліктерге ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын, сондай-ақ мерзімдік техникалық қызмет көрсетуді жүргізеді. Бұған барлық қажетті қосалқы бөлшектер, аккумуляторлар, майлау материалдары, техникалық сұйықтықтар және қысқы әрі жазғы шиналар жиынтығы кіреді.

3.8. Автокөлік бұзылған жағдайда, тиісті ақпарат алынған сәттен бастап 3 (үш) сағаттан кешіктірмей, жөндеу жұмыстары кезеңіне Орындаушы дәл сондай кластағы және шығарылған жылы ұқсас қосалқы автокөлікті ұсынуға міндетті.

3.9. Іссапарға шығу кезінде Орындаушы жүргізушілердің тұратын орнын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес қамтамасыз етеді және жүргізушілердің іссапар шығындарын өз есебінен өтейді.

3.10. Қызметтердің көлемі мен көрсетілетін орны осы Шарттың №1, 2, 9 Қосымшаларында айқындалады.

3.11. Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсетілген қызметтер Актісімен көлемі мен сапасы бойынша Шартқа №1, №2 және №9 Қосымшаларға сәйкес қабылдайды. Қызмет көрсету күні Тапсырыс берушінің көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күні болып есептеледі.

3.12. Шарт бойынша Қызметтер көрсетуді бастар алдында Орындаушы өзіне және қосалқы орындаушыларына Тапсырыс берушінің аумағында Қызмет көрсету үшін кіруге «Рұқсат-допуск» алуға міндетті. «Рұқсат-допуск» – бұл Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша рәсімделетін құжат, ол Орындаушыға (қосалқы орындаушыға) Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне Қызмет көрсету үшін кіруге құқық береді және Орындаушының (қосалқы орындаушының) жабдықталуының Шарт талаптарына сәйкестігін растайды.

3.13. Рұқсат-рұқсаттаманы алу үшін Орындаушы осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде техникалық сипаттама талаптарына сәйкес Шарт бойынша барлық талаптарға жабдықталуының бар екендігін растайтын барлық құжаттарды, соның ішінде құрылтай құжаттарының көшірмелерін, суборындаушы қызметкерлерінің біліктілігін растайтын құжаттарды, рұқсат беру құжаттарын, оның ішінде қызметтерді көрсетуге арналған лицензиялар мен сертификаттарды, шетелдік жұмыс күшін тартуға берілген рұқсаттарды және Шарт бойынша Қызметтерді орындау үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттарын, сондай-ақ (қажет болған жағдайда) Орындаушының өндірістік базасының жабдықталуы Шарт талаптарына сәйкестігін тексеру үшін Тапсырыс берушіге кіру мүмкіндігін ұсынуға міндетті. Құжаттардың ұсынылмауы және/немесе тексеру нәтижелері бойынша Орындаушының мәлімделген жабдықталуының расталмауы жағдайында, Тапсырыс берушінің жазбаша жауабы арқылы Рұқсат-рұқсаттама беруден бас тартылады және сәйкессіздіктер жойылғанға дейін құжат берілмейді, бұл ретте Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін бұзғаны үшін жауаптылықта болады. Тапсырыс беруші сондай-ақ Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. Көрсетілген Қызметтердің түпкілікті Актісімен бірге Шарт бойынша көрсетілген Қызметтердің толық көлеміне (сандық көрсеткішіне) арналған ел ішіндегі құндылық үлесін электрондық құжат нысанында (Веб-порталға жүктеу арқылы) Шартқа №3 Қосымшаға сәйкес нысанда ұсынуға. Егер Шарт ұзақ мерзімді (он екі айдан астам мерзімге жасалған немесе Қызметтерді орындау мерзімі келесі күнтізбелік жылға өтетін) болса, Орындаушы Шарт қолданылуы кезеңінде әр күнтізбелік жылдың 20 қаңтарына дейін өткен күнтізбелік жыл бойынша көрсетілген Қызметтердің көлеміне арналған ел ішіндегі құндылықтың аралық нақты есебін/есебін ұсынуға міндетті;

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

4.1.4. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.5. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

4.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

4.1.9. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4.1.10. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында көрсетілген тиісті жабдықтармен және техникамен (техникалық құралдармен) көрсетуге;

4.1.11. Осы ұзақ мерзімді шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде тиісті жылға немесе ұзақ мерзімді шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді мынадай мөлшерде енгізу 3.00 % мөлшерінде Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды; Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.12. Ұзақ мерзімді шарт (бір жылдан астам мерзімге жасалған) бойынша орындауды қамтамасыз ету тиісті жылға немесе шарттың барлық қолданылу мерзіміне берілуі тиіс.

4.1.13. Банктік кепілдік келесі ақпараттарды қамтуы тиіс:

4.1.13.1. Банктің атауы;

4.1.13.2. Банктік кепілдік (кепілдік міндеттемесі) нөмірі;

4.1.13.3. Банктік кепілдік күні;

4.1.13.4. Мердігердің атауы;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.13.5. Шарттың нөмірі мен күні;

4.1.13.6. Шарттың нысанасы;

4.1.13.7. Банктік кепілдік сомасы;

4.1.13.8. Банктік кепілдіктің қолданылу мерзімі.

4.1.14. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ол Шарт бойынша не тиісті жыл бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде (егер ұзақ мерзімді шартта тиісті жылға шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда) қайтарады. Орындаушы енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуды Тапсырыс беруші Орындаушыға шарттық міндеттемелердің бұзылғаны көрсетілген мұндай ұстап қалу туралы хабарлама жіберген сәттен бастап 10 күндік мерзім өткеннен кейін жүзеге асыратынына келіседі. Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің ұстап қалудан кейін қалған сомасы Орындаушыға оның Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қайтарылады. Орындаушы шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда, мына шарттар жиынтығы бойынша сақталған кезде Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қалмайды және Орындаушы Қордың сенімсіз әлеуетті жеткізушілерінің (жеткізушілерінің) Тізбесіне енгізілмейді: 1) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпазды) төлеу (өндіріп алу/ұстап қалу); 2) Жеткізушінің шарттық міндеттемелерді толық орындауы; 3) залалдың болмауы немесе оның орнын толық өтеу (өндіріп алу/ұстап қалу). Орындаушының Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуге толықтай немесе ішінара үшінші тұлғаларда талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын әрекеттер жасауына жол берілмейді. Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды аудару (ақшалай жарна болған жағдайда) немесе Орындаушыға банктік кепілдеменің түпнұсқасын беру арқылы жүзеге асырады. Орындаушы енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуды Тапсырыс беруші Орындаушыға шарттық міндеттемелердің бұзылғаны көрсетілген мұндай ұстап қалу туралы хабарлама жіберген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні өткеннен кейін жүзеге асыратынына келіседі;

4.1.15. Қызметтерді шарт пен оның қосымшаларының талаптарына сәйкес уақтылы және тиісінше көрсету.

4.1.16. Қызметтерді көрсету үшін Мердігер өз міндеттемелерін тиісінше орындауға жеткілікті біліктілігі, тәжірибесі және құзыреті бар мамандарды тартуға, сондай-ақ келесідей материалдар мен жабдықтарды пайдалануға міндетті: • тиісті сападағы, Қазақстан Республикасында қолданыстағы стандарттар мен техникалық шарттарға сай; • тасымалдау және тиеу-түсіру кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ету; • Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға арналған, үшінші тұлғалардың міндеттемелерінен бос материалдар мен жабдықтар (Қызмет нәтижесінде Тапсырыс берушіге берілетін жағдайда).

4.1.17. Қазақстандық қызметкерлер үшін шетелдік персоналмен салыстырғанда тең еңбек жағдайлары мен ақы төлеуді қамтамасыз ету, соның ішінде:

4.1.17.1. Еңбек ақы төлеуде және өзге де жағдайларда Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары арасында кемсітушілікке жол бермеу;

4.1.17.2. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер мен оның қосалқы орындаушыларының шарт міндеттемелерін орындауға қатысатын қызметкерлерінің саны мен лауазымдары, сондай-ақ олардың азаматтығы туралы ақпаратты ұсыну.

4.1.18. Тапсырыс берушінің күзетілетін нысандарында шарттық міндеттемелерді орындау кезінде Мердігер қызметкерлерінің объектіге кіру және ішкі тәртіп талаптарын сақтауын қамтамасыз ету.

4.1.19. Көрсетілген Қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген нысан бойынша Қызметтер көрсету актісі арқылы тапсыру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беру;

4.1.20. Мердігер Шарт шеңберінде Қызмет көрсету үшін қосалқы орындаушыларды тартқан жағдайда, олардың қатысуын ескере отырып, көрсетілген Қызметтердегі ел ішіндегі үлес туралы есептілікті ұсынуды қамтамасыз ету;

4.1.21. Қызметтердегі ел ішіндегі құндылық үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың шынайылығына кепілдік беру;

4.1.22. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес, Шартта көзделген барлық Қызметтерді, оның ішінде оларды мерзімінде және сапалы орындалуын, техникалық спецификацияға (Қосымша №2) сәйкес орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші алдында жауапкершілік көтеру;

4.1.23. Егер осы Шартта өзгеше көзделмесе, Қызметтерді өз күштерімен, сондай-ақ қосымша орындаушылардың (қосымша орындаушының) күшімен және құралдарымен орындау, егер қосымша орындаушыларды тарту шарттары тендерлік құжаттамада және тендерге қатысу өтінімінде және/немесе Шартқа қосымша болып табылатын техникалық спецификацияда көзделген болса; тендерлік өтінімде көрсетілген жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен; өзінің материалдары және құралдарымен (аспаптар мен механизмдер, көлік, арнайы техника, аспаптар, жанар-жағармай материалдары және т.б.). Қызметтер Орындаушы тарапынан қолданыстағы нормалар мен қағидалардың, техникалық шарттардың талаптарын сақтай отырып, Қызметтер аяқталғаннан кейін өзінің қосымша жабдықтарын жұмыс алаңынан шығару арқылы орындалуы тиіс;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.24. Автокөліктің істен шығу жағдайларында, Тапсырыс берушіден автокөлікпен қамтамасыз етудегі ақаулар туралы ақпарат алынған сәттен бастап 3 (үш) сағат ішінде оларды баламалы көлікпен ауыстыруды қамтамасыз ету;

4.1.25. Шарт бойынша ұсынылатын техниканы Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларына, жүк көтеру механизмдерін пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларына, санитарлық-гигиеналық нормаларға, экологиялық талаптарға сәйкес, өртке қарсы құралдармен, дәрі қобдишаларымен және апаттық тоқтату белгілерімен жарақталған, оның қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ететін тиісті техникалық күйде ұстау;

4.1.26. Өз қаражаты есебінен Орындаушының (қосымша орындаушылардың) қызметкерлерін тасымалдауды, олардың тұруы мен тамақтануын қамтамасыз ету, сондай-ақ техника, жабдық және материалдарды кез келген орналасқан жерден Қызмет көрсету орнына дейін және кері қарай жеткізу, мобилизация және демобилизациялауды жүзеге асыру, егер Шартта өзгеше белгіленбесе. Қызмет көрсету орнында кез келген уақытта Орындаушының жеткілікті қордағы қосалқы бөлшектерінің, жабдықтары мен материалдарының болуын, сондай-ақ өзінің техникасы мен жабдықтарын жақсы жұмыс жағдайында ұстауды қамтамасыз ету;

4.1.27. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толықтай да, ішінара да алдын ала Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз ешкімге бермеу, тендерлік өтінімге сәйкес рұқсат етілген көлемде соисполнение (қосымша орындаушыларға беру) жағдайларын қоспағанда;

4.1.28. Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін қосымша орындаушылар тартылған жағдайда, оларды тарту сәтінде Шарт шеңберінде жасалған барлық субподрядтық шарттардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсыну. Қосымша орындаушылардың болуы Орындаушыны Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен, оның ішінде өндірістік, еңбек тәртібін және Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларын (Ішкі еңбек тәртібі қағидалары, өткізу режимі, жатақханаларда тұру қағидалары және т.б.) бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды. Тапсырыс беруші қосымша орындаушыға оның Орындаушымен жасалған шартты бұзуы бойынша талап қоюға құқылы;

4.1.29. Егер Тапсырыс беруші Орындаушыдан Қызметтерді орындаудан Орындаушының немесе қосымша орындаушының қызметкері болып табылатын адамды объективті себептерді көрсете отырып шеттетуін сұраса, Орындаушы бұл тұлғаны Қызметтер көрсетуден шеттетіп, Тапсырыс берушінің аумағынан 72 сағат ішінде шығарып тастауы тиіс, содан кейін бұл тұлға Шарт бойынша Қызметтер көрсетуге ешқандай қатысы болмауы керек.

4.1.30. Шартты орындау үшін қажетті барлық қолданылатын материалдарды, жабдықты, көлікті және арнайы техниканы пайдаланар және іске қоспас бұрын оларды Тапсырыс берушімен келісу;

4.1.31. Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда пайдаланылатын материалдардың/қосалқы бөлшектердің/құрауыштардың, конструкциялардың, жабдықтың сапасы үшін толық жауапкершілік көтеру және Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасынан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде оларды өз есебінен ауыстыру және/немесе ақауды жою;

4.1.32. Көрсетілетін Қызметтердің сапасын бақылауды жүзеге асыру, Қызметтердегі кемшіліктердің алдын алу және оларды жою бойынша уақтылы шаралар қабылдау;

4.1.33. Шартты орындау үшін қажетті (оның ішінде Қызмет көрсету орнында ұзақ уақыт тұрған) материалдардың, жабдықтың, құрал-саймандардың, көліктің және арнайы техниканың және т.б., Тапсырыс берушінің аумағында, оның ішінде құрылыс және жұмыс алаңдарында, сақталуын, сондай-ақ Қызметтердің нәтижелері Тапсырыс беруші қабылдағанға дейін олардың сақталуын өз есебінен қамтамасыз ету;

4.1.34. Қызметтер көрсету процесінде Тапсырыс берушінің мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету;

4.1.35. Тапсырыс берушінің аумағында анықталған, тарихи, археологиялық, геологиялық немесе өзге де қызығушылық туғызатын, оның ішінде құнды заттар туралы Тапсырыс берушіні хабардар ету және оларды акт бойынша Тапсырыс берушіге беру. Барлық анықталған заттар Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады;

4.1.36. Тапсырыс берушіге бұрын орындалған Қызметтер туралы нақты және толық ақпарат ұсыну, сондай-ақ Қызметтердің жинақтамалы ведомостарын, барлық атқарушы және есептік құжаттаманы жүргізу;

4.1.37. Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген барлық салықтарды, төлемдерді және басқа да міндетті төлемдерді төлеу;

4.1.38. Шот-фактураларды және Қызметтер көрсетілгендігі туралы Актілерді уақтылы ұсыну;

4.1.39. Көрсетілетін Қызметтердің тиімділік деңгейі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық спецификация талаптарынан төмен болмауын қамтамасыз ету;

4.1.40. Көрсетілетін Қызметтер бойынша тәуекелдерді өз есебінен сақтандыруды жүзеге асыру, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, қызметкерлерді өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіби аурулардан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру, сондай-ақ қоршаған ортаны ластаумен байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, оның ішінде қоршаған ортаға келтірілген зиянды жою шығындарын, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілік тәуекелдерін сақтандыру;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.41. егер Орындаушының/бірлесіп Орындаушының қызметкерлерін Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілеріне жіберу жоспарланған жағдайда "Маңғыстаумұнайгаз "АҚ-ның мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптарын" № 4 қосымшаға сәйкес сақтау, Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының, оның ішінде ішкі еңбек тәртібі қағидаларының талаптарын сақтау," Маңғыстаумұнайгаз "АҚ-дағы мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарды басқару стандартының талаптарын сақтау ""№5 қосымшаға және "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-ның серіктестермен өзара қарым-қатынасы туралы Саясат" № 6 қосымшаға және жатақханаларда тұру талаптарына сәйкес.

4.1.42. Шарт бойынша Қызметтер көрсету барысында жол берілген бұзушылықтар үшін толық жауапкершілік көтеру, сондай-ақ экология, қауіпсіздік және еңбек қауіпсіздігі, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі салаларындағы бұзушылықтар нәтижесінде уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан Тапсырыс берушіге салынған кез келген айыппұлдарды (оның ішінде санкцияларды) толық көлемде өтеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экологиялық салдарларды толық жоюды, оның ішінде табиғи ресурстарды қалпына келтіруді қамтамасыз ету;

4.1.43. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған өз қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Орындаушының/қоса орындаушының қызметкерлері Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын тексеру мақсатында тұрақты түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізу;

4.1.44. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған қызметкерлердің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын орындаушының/қоса орындаушының қызметкерлері тарапынан тексеру үшін тұрақты түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізу; Сонымен қатар, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талап етілетін (оларды алу қажеттілігі туындаған жағдайда) барлық рұқсат құжаттамаларын алуға байланысты, сондай-ақ уәкілетті органдардың талаптарына қатысты шығындарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, өз бетінше көтеру: көрсетілетін Қызметтерге лицензиялар, сертификаттар; шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар; құралдарға, жабдыққа, технологияға немесе олардың пайдаланылуына немесе жасалуына қатысты кез келген құқықтар мен артықшылықтарға байланысты кез келген патент иелерінің және лицензиаттардың талаптарына қатысты талаптар, олар Орындаушының Шарт бойынша Қызметтер көрсетуіне байланысты немесе соның нәтижесінде туындауы мүмкін. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді; Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін талап етілетін өзге де рұқсат құжаттары, оның ішінде аурулардың эпидемиологиялық ауқымда таралуымен күресуге бағытталған іс-шараларға байланысты.

4.1.45. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шартты орындауға байланысты кез келген (дәл) ақпарат пен құжаттарды ұсыну, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Қызметтер көрсетуге қатысты әрекеттердің мәртебесі туралы ақпарат пен растайтын құжаттар (мысалы, Қызметтер көрсету үшін Орындаушының материалдарды қабылдағанын растайтын актілердің көшірмелері және т.б.); Орындаушының (қоса орындаушылардың) жұмыс істейтін персоналының біліктілік құрамы туралы ақпарат; Қызметтер үшін тартылатын көлік, арнайы техника, жабдық және олардың құқық белгілейтін және рұқсат құжаттары, қолданылатын құрылыс және басқа да материалдар туралы ақпарат, сондай-ақ Орындаушының шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігі;

4.1.46. Тапсырыс берушіні дереу ескерту және оның нұсқауларын алғанға дейін Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру, егер анықталса: а) Тапсырыс берушінің Қызметтер көрсету тәсілі туралы нұсқауларын орындаудың оның мүддесіне жағымсыз салдары болуы мүмкін екендігі; б) теріс нәтиже немесе Қызметтерді одан әрі көрсетудің орынсыздығы; в) Орындаушыға байланысты емес өзге де мән-жайлар, олар көрсетілетін Қызметтердің жарамдылығына немесе сапасына қауіп төндіреді немесе оларды уақытында орындауды мүмкін етпейді. Қызметтерді одан әрі орындаудың орындылығы туралы мәселені Тараптар Тапсырыс беруші Қызметтердің тоқтатылғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешеді;

4.1.47. Шарт жасалған сәттен бастап Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде Қызметтерге тартылатын барлық көлікті техникалық құралдармен (GPS терминалдарымен) жабдықтау. Орындаушының көлігіне орнатылатын GPS терминалдары Тапсырыс берушінің бірыңғай GPS мониторинг жүйесінің техникалық шарттарына сәйкес келуі керек (техникалық шарттар Орындаушының сұрауы бойынша Тапсырыс беруші тарапынан беріледі). Осы Шарттың аталған тармағының талаптарына сәйкес келмейтін көлікке Тапсырыс берушінің кен орындары аумағына кіруге рұқсат етілмеуі мүмкін, бұл ретте Орындаушы Шарт бойынша Қызметтерді тиісінше және уақытында көрсетпеуі үшін жауаптылықта болады;

4.1.48. Тапсырыс берушіге Шарт бойынша берілетін Қызметтердің нәтижелеріне үшінші тұлғалардың айрықша немесе өзге де құқықтарының, сондай-ақ оларға қатысты ақшалай талаптарының болмауын қамтамасыз ету. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы көрсетілген Қызметтердің нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне айрықша құқықтарды Тапсырыс берушіге беруге міндеттенеді;

4.1.49. Орындаушының (қоса орындаушылардың) қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің аумағында Шарт бойынша Қызмет көрсетумен байланысты емес жүріп-тұруына (қозғалуына) жол бермеу;

4.1.50. Орындаушы/қоса орындаушы қызметкерлерінің ауысым алдындағы медициналық тексеруден өтуін өз есебінен қамтамасыз ету және Тапсырыс берушінің шарттық аумағында уақытша құрылыстарды (вахталық кенттерді) орналастыру кезінде қауіпсіздік талаптарын орындау. Қауіпсіздік талаптарына: бейнебақылау жүйесінің болуы, күзеттің немесе қауіпсіздікке жауапты тұлғаның болуы жатады;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.51. Егер Шартта Қызметтердің Қазақстан Республикасында қолданылатын жобаларға, сметаларға, жұмыс сызбаларына және қолданыстағы нормаларға сәйкес көрсетілуі көзделсе, онда Орындаушы Қызметтерді аталған құжаттамада көрсетілген талаптарға толық сәйкес орындауға міндеттенеді;

4.1.52. Шарт бойынша Қызметтер көрсетілгеннен кейін немесе Тапсырыс берушінің талабы бойынша Шартты орындау үшін Тапсырыс берушіден алынған барлық материалдарды (қағаз және электрондық тасымалдағыштардағы ақпаратты, құжаттаманы, сызбалар мен жоспарларды және өзге материалдарды) қайтару.

4.1.53. Қызметтер көрсету үшін қажетті отандық тауарларды, егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілсе, отандық өндірушілерден сатып алу.

4.1.54. Шарт талаптарын тиісінше орындамау немесе өзге де құқыққа қайшы әрекеттер салдарынан Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалдарды өтеу. Егер уәкілетті мемлекеттік орган немесе өзге үшінші тұлғалар Орындаушы көрсеткен Қызметтерге қатысты талаптар қойып, соның нәтижесінде Тапсырыс берушіге айыппұл (өсімпұл) салынса немесе қандай да бір сомада залал өндіріп алынса, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша аталған айыппұлды (өсімпұлды) және залал сомасын дереу өтеуге міндетті.

4.1.55. Орындаушы Шартта көзделген Қызметтерді салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып көрсетуге, соның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдердің уақтылы және дұрыс есептелуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ салық есептілігін дұрыс толтыруға және оны салық органына уақытылы ұсынуға міндетті. Осы тармақ пен Шарттың өзге де талаптары тиісті дәрежеде орындалмаған, соның ішінде жалған ақпарат берілген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша осының салдарынан Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды, соның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндетті. Залалды өтеу жөніндегі міндеттеме Қазақстан Республикасының салық заңнамасында Тапсырыс беруші үшін белгіленген талап қою мерзімі шегінде күшінде болады.

5.10.1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 339-бабына сәйкес, Орындаушы осы Шарттың нысанасы болып табылатын қызметтерді көрсету кезінде өз қызметінің нәтижесінде (өзінің шикізаты мен материалдарынан, сондай-ақ Тапсырыс беруші ұсынған шикізат пен материалдардан) пайда болатын барлық өндірістік және тұтыну қалдықтарының иесі болып табылады және «ластаушы төлейді» қағидатына сәйкес, қалдықтарды басқару бойынша экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін, оларды қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын тұлғаға берілгенге дейін толық жауапкершілік арқалайды. Қалдықтарды орналастыру орындарына дейін тасымалдау мердігерлік ұйымдардың меншікті автокөлігімен немесе шарттық негізде жүзеге асырылады.

5.10.2. Орындаушы барлық қызмет барысында пайда болатын қалдықтардың барлық түрлерін жинау, шығару және тасымалдау бойынша мамандандырылған ұйыммен шарт жасасуы тиіс.

5.10.3. Егер Шарт қолданылу кезеңінде Тапсырыс берушінің аумағында Орындаушының өндірістік базасы және/немесе тұрғылықты кенті орналастырылса, Орындаушы Тапсырыс берушінің аумағында тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге және төгінділерге жол бермеуге міндетті. Орындаушының Тапсырыс берушінің аумағындағы экологиялық және өндірістік қауіпсіздік саласындағы міндеттері Орындаушы Тапсырыс берушінің осы аумақ үшін белгіленген тәртіп режимін, сондай-ақ экология, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі салаларындағы нормативтік актілер мен талаптарды бұлжытпай орындауға міндетті. Осы мақсатта Орындаушы инженерлік-техникалық қызметкерлерінің ішінен Тапсырыс берушінің аумағында аталған талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге жауапты тұлғаны тағайындайды.

5.10.4. Осы Шартпен көзделген Қызметтерді көрсету процесінде Орындаушы өз күшімен және құралдарымен қызмет көрсетілетін нысанды және өз базаларын жүйелі түрде жинастырып, қызмет барысында пайда болған қоқыстар мен өндіріс және тұтыну қалдықтарын тазалауды қамтамасыз етеді.

5.10.5. Орындаушы қалдықтарды орналастыру (уақытша сақтау) кезінде экологиялық талаптарды бұзғаны үшін толық жауапкершілік арқалайды.

5.10.6. Қызметтер аяқталғаннан кейін Орындаушы, Тапсырыс беруші тарапынан көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылғанға дейін, кен орнындағы инженер-экологтың қатысуымен: • өзіне тиесілі барлық жабдық пен техниканы, артық материалдарды және т.б. базадан шығарып әкетуге; • өзі тұрғызған уақытша ғимараттар мен құрылыстарды бұзуға; • қызмет көрсету барысында пайда болған барлық қалдықтарды әкетуге; • қызмет көрсетілген орынды және/немесе базаны экологиялық талаптар мен санитарлық нормаларға сай күйде қалдыруға және нысанды Тапсырыс беруші комиссиясына акт бойынша тапсыруға міндетті.

5.10.7. Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің аумағында (шарттық немесе шарттан тыс) рұқсат етілмеген қалдықтар үйінділерін жасауға тыйым салынады. Бұл талап бұзылған жағдайда, Орындаушыға осы Шарт шарттарына сәйкес айыппұл

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

санкциялары қолданылады.

5.10.8. Орындаушы әр есептік айдың 25 (жиырма бесінші) күніне дейін ай сайын, сондай-ақ тоқсан сайын бір рет қоршаған ортаға әсер ету туралы есептерді (экологиялық есептер) экологиялық рұқсаттарда белгіленген эмиссия нормативтеріне сәйкес, Шарттың №14 қосымшасына сәйкес Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті. Осы тармақтың талаптарын Орындаушы орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 6.2-тармағында белгіленген мерзім шегінде Орындаушыға 6.4-тармаққа сәйкес жазбаша хабарлама жіберіп, Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоймауға құқылы. Егер Орындаушы жазбаша хабарламада көрсетілген мерзімде қажетті ақпаратты ұсынбаса, Тапсырыс беруші осы Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

5.10.9. Орындаушы өз қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 185-бабына сәйкес өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының талаптарын орындауға, барлық ластану және қоршаған ортаға әсер ету көздері бойынша өлшеулерді ескере отырып өндірістік мониторинг жүргізуге және өндірістік экологиялық бақылаудың нәтижелері бойынша есептерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандарға сәйкес есептік тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті. Осы тармақтың талаптарын Орындаушы орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 6.2-тармағында белгіленген мерзім шегінде Орындаушыға 6.4-тармаққа сәйкес жазбаша хабарлама жіберіп, Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоймауға құқылы. Егер Орындаушы жазбаша хабарламада көрсетілген мерзімде есептерді ұсынбаса, Тапсырыс беруші осы Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

5.10.10. Есептік кезең (тоқсан) аяқталғаннан кейін, төлем шотын алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде, Орындаушы осы Шарт бойынша ұсынған төлем тізілімдеріне сәйкес, өз ластану көздері бойынша қоршаған ортаға жасалатын эмиссиялар үшін міндетті төлемдерге қатысты Тапсырыс берушінің шығындарын өтеуге міндетті. Уақтылы төлем жасалмаған жағдайда, Тапсырыс беруші жоғарыда көрсетілген төлемдер бойынша шығын сомасын Орындаушыға тиесілі төлемнен біржақты тәртіппен ұстап қалуға құқылы.

5.10.11. Орындаушы ұсынған экологиялық есептердегі мәліметтердің дұрыстығына жауап береді. Мемлекеттік органдар тарапынан тексеру жүргізу барысында бұзушылықтар анықталған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге салынған айыппұл сомасын толық көлемде өтеуге міндетті.

5.11. Өндірістік бақылау саласында:

5.11.1. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Орындаушының және (немесе) Орындаушының қосалқы мердігерлерінің осы баптың талаптарын сақтауын бақылауға құқылы. Өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және азаматтық қорғау салаларында Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Тапсырыс беруші белгілеген талаптардың сақталуын бақылау мақсатында Орындаушы Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдеріне қызмет көрсетілетін орындарға, вахталық кенттерге және өндірістік базаларға кедергісіз кіру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

5.11.2. Егер талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға бұзушылықтарды жоюдың ұсынылған мерзімдерін көрсете отырып, тиісті акт береді. Егер Орындаушы (немесе) Қоса орындаушылар мұндай актіге қол қоюдан бас тартса, ол Тапсырыс беруші тарапынан біржақты тәртіппен рәсімделеді.

5.11.3. Егер Орындаушы қандай да бір себептермен ұсынылған мерзімде бұзушылықтарды жоя алмаса, онда ол Тапсырыс берушімен бірлесіп, келісілген мерзімдері көрсетілген Бұзушылықтарды жою жоспарын әзірлейді.

5.11.4. Орындаушы бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпаратты ай сайынғы есептілік құрамында ұсынуға міндетті.

5.11.5. Егер шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында апаттар, оқиғалар немесе жазатайым жағдайлар орын алып, олардың себептерін ішкі тергеу нәтижесінде Орындаушының кінәсі дәлелденсе, Орындаушы Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалды өтеуге міндетті.

5.11.6. Тапсырыс беруші өз кінәсі болмаған жағдайда Орындаушының немесе Орындаушы тартқан үшінші тұлғалардың қызметкерлерінің жарақат алуына, мертігуіне немесе өліміне жауап бермейді. Сондай-ақ, мұндай жағдайлар өндірістік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі және өндірістік санитария талаптарының бұзылуынан болса, жауапкершілік Орындаушыға жүктеледі.

5.11.7. Егер Орындаушы немесе оның тартқан қосалқы мердігері қызмет көрсету барысында жол-көлік оқиғаларына, апаттарға, төгінділерге немесе қоршаған ортаны қорғау, техника қауіпсіздігі, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, жол қозғалысы ережелерін бұзу жағдайларына жол берсе, онда залалдың болуына қарамастан, шарт талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылады.

5.11.8. Тапсырыс беруші Орындаушыдан өз есебінен, Тапсырыс берушіге шығын келтірместен, кез келген уақытта Орындаушының қызметкерін жұмыстан шеттетуін талап етуге құқылы, егер ол қызметкер өз міндеттерін орындауда біліксіз болса, Тапсырыс берушінің мүддесіне қайшы әрекеттерге барған болса немесе оның мінез-құлқы Тапсырыс берушіге зиян келтірсе. Мұндай жағдайда Орындаушы дереу лайықты ауыстыру жүргізуге міндетті.

5.11.9. Орындаушы еңбекті қорғау (ЕҚ), өрт қауіпсіздігі (ӨҚ) және қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ) саласындағы заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін дербес жауапкершілік көтереді, оның ішінде айыппұлдар мен өсімпұлдарды төлеу және келтірілген зиянды өтеу. Егер Тапсырыс беруші Орындаушының аталған бұзушылықтары үшін жауапқа тартылса, Орындаушы Тапсырыс берушіге

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

келтірілген барлық шығынды өтеуге міндетті.

5.11.10. Егер Тапсырыс берушінің қызметкерлерімен болған оқиғаларға Орындаушы кінәлі деп танылса, Орындаушы келтірілген шығындарды толық өтеуге міндетті.

5.11.11. Осы баптағы талаптарды Орындаушының сақтамауы немесе ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын бірнеше рет бұзуы шарт талаптарын елеулі бұзу болып саналады және Тапсырыс берушіге осы шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқық береді. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға шарттың бұзылуымен байланысты залалды өтеуге міндетті емес.

6. Қызметтерді көрсету және қабылдау тәртібі

6.1. Орындаушы қызметтерді (немесе олардың кезеңдерін, егер Тапсырыс берушіден кезеңдік қабылдауға жазбаша рұқсат алынса) толық аяқтаған соң және шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін Тапсырыс берушіге келесі құжаттарды ұсынуға тиіс: – Шарт талаптарына сәйкес Қызметтер көрсетілгені туралы акті; – Қызметтердегі ел ішіндегі құн үлесінің нақты есебі (№3 Қосымшаға сәйкес формада); – Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес рәсімделген шот-фактура.

6.2. Тапсырыс беруші мен Орындаушы бірлесіп көрсетілген қызметтердің сапасы мен көлемін тексереді және 10 (он) жұмыс күні ішінде қызметтерді Қызметтер көрсетілгені туралы акт бойынша қабылдап, оған қол қояды.

6.3. Орындаушы https://avr.mmg.kz веб-мекенжайы арқылы қолжетімді AVR+ АЖ пайдалана отырып, орындалған жұмыстардың және (немесе) көрсетілген қызметтердің актілерін дайындауға, келісуге және бекітуге міндеттенеді.

6.4. Егер қабылдау барысында шарттан ауытқулар немесе басқа да кемшіліктер, оның ішінде шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер анықталса, Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша Орындаушыдан: 1. кемшіліктерді Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде тегін жоюды; немесе 2. Қызмет үшін белгіленген бағаны сәйкестендіріп (төмендетіп) қайта қарауды талап етуге құқылы. Барлық кемшіліктер Тараптармен жеке Актте немесе көрсетілген Қызметтерді қабылдау растайтын өзге құжатта, не болмаса Тапсырыс берушінің Орындаушыға жазбаша түрде жіберілген хабарламасында көрсетіледі және онда оларды жою мерзімі белгіленеді.

6.5. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау рәсімі Тапсырыс берушіні қанағаттандыратын нәтижеге қол жеткізілгенге дейін қайталанады. Бұл ретте Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Қызметтер үшін ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерінің орындалу мерзімі аталған рәсімнің уақытына ұзартылады. Егер Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жоюдан бас тартса, Тапсырыс беруші Қызметтердің құнын төлемеуге құқылы.

6.6. Егер Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында көрсетілген Қызметтің кемшіліктері немесе олардың себептері жөнінде дау туындаған жағдайда, Тараптардың бірінің талабы бойынша сараптама тағайындалады, және оның қорытындысы екі Тарап үшін де міндетті болып табылады. Сараптама жүргізу шығындарын Орындаушы өтейді, бірақ егер сараптама нәтижесінде Шарт бұзушылықтары немесе Орындаушы әрекеттері мен анықталған кемшіліктер арасында себептік байланыс жоқ екені анықталса, онда сараптама шығындарын оны талап еткен Тарап өтейді, ал сараптама Тараптардың өзара келісімі бойынша тағайындалған болса – шығындар екі Тарап арасында тең бөлінеді.

6.7. Барлық анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін екі Тараптың уәкілетті өкілдерімен Шарт бойынша Көрсетілген Қызметтер Актісіге қол қойылады.

6.8. Егер Шарт веб-порталда жасалған болса, Орындаушы 6.1-тармақта көзделген қағаз түріндегі құжаттармен қатар, осы құжаттарды Веб-портал арқылы электронды түрде де Тапсырыс берушіге жіберуге тиіс.

6.9. Тапсырыс беруші қызмет нәтижелерін пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын және Орындаушы, Тапсырыс беруші немесе үшінші тұлға түзете алмайтын кемшіліктер, ақаулар (кемшіліктер) анықталған жағдайда қызмет нәтижелерін қабылдаудан бас тартуға құқылы.

6.10. Көрсетілген қызметтер актісіне тараптар қол қойғанға дейін материалдардың (бұйымдардың) бұзылуына, бүлінуіне, жоғалуына немесе қаза болуына байланысты барлық тәуекелдерді, сондай-ақ материалдардың (бұйымдардың) кездейсоқ жойылу және/немесе бүліну тәуекелдерін Орындаушы көтереді.

7. Кепілдіктер және Қызмет сапасы

7.1. Барлық көрсетілген Қызметтердің сапасы Шарттың қосымшаларында көзделген Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құжаттардың (МЕМСТ, ҚР СТ, ТУ, ОСТ, техникалық регламенттер және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуге тиіс.

7.2. Көрсетілген Қызметтерге кепілдік міндеттемелері Көрсетілген Қызметтер туралы соңғы Актке қол қойылған сәттен бастап 12 (он екі) ай бойы қолданылады.

7.3. Егер пайдаланылған объектіде жасырын кемшіліктер немесе ақаулар анықталса, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 630-бабында көзделген жалпы мерзім ішінде және 7.2-тармақпен белгіленген кепілдік мерзімі шегінде, өз қалауымен Азаматтық кодекстің 635-бабында көзделген құқықтардың бірін пайдалануға немесе Орындаушыдан Қызметтерді тегін қайта көрсетуін не кемшіліктерді өз күшімен жою кезінде шеккен шығындарын өтеуді талап етуге құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.4. Орындаушы пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтардың және жүйелердің тиісті сапасын, олардың жобалық сипаттамаларға, мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкестігін, сондай-ақ сапасын растайтын сертификаттармен, техникалық паспорттармен және өзге де құжаттармен қамтамасыз етілуін кепілдендіреді.

7.5. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қажетті барлық рұқсат құжаттарына, соның ішінде орнатылатын қосалқы бөлшектер мен тораптарға арналған рұқсаттар, лицензиялар мен сертификаттарға ие екендігіне кепілдік береді.

7.6. Шарт талаптарынан ауытқулардың немесе өзге де кемшіліктердің анықталуы Орындаушыны Шарт бойынша өз міндеттемелерінен босатпайды және Тапсырыс берушіні Қызметтердің мерзіміне, көлеміне және сапасына қатысты талаптар қою құқығынан айырмайды.

7.7. Орындаушы осы Шарт бойынша Қызметтердің нәтижелеріне айрықша құқықтар үшінші тұлғаларға берілмейтінін Тапсырыс берушіге кепілдік береді. Егер үшінші тұлғалар Қызмет нәтижелерінің айрықша құқықтарына қатысты Тапсырыс берушіге шағым жасаса, және бұл кепілдіктердің бұзылуы расталса, Орындаушы Тапсырыс берушінің осыған байланысты барлық залалдарын толық көлемде өтеуге міндетті.

7.8. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді.

7.9. Шарт бойынша Тапсырыс берушінің аумағында қызметтерді орындау кезінде орындаушыда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндетті сақтандырудың барлық түрлері болуға тиіс.

7.10. Кепілдік мерзімі кезінде қызметті орындау кезінде орындаушы Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі тәртіп ережелерін, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға міндетті.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Орындаушы өз шарттық міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші келесі санкцияларды қолдануға құқылы: Шартты бұзу және/немесе Тапсырыс берушіге төменде көрсетілген мөлшерде айыппұл төлеу.

8.3. Орындаушының жауапкершілігі:

8.3.1. Егер Орындаушы Шартта көзделген Қызмет көрсету мерзімдерін бұзса, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір күнтізбелік күн үшін айыппұл төлеуге міндетті, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

8.3.2. Егер Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзса, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір күнтізбелік күн үшін айыппұл төлеуге міндетті, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

8.3.3. Орындаушы Қызметтердегі ел ішіндегі құнның нақты есебін ұсынбаған жағдайда, ол Тапсырыс берушіге Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір күн үшін айыппұл төлеуге міндетті, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

8.3.4. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша (Қызметтерді көрсету мерзімін кешіктіру жағдайларын қоспағанда) орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған Қызметтердің жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Бұл айыппұл әрбір орындамау және/немесе тиісінше орындамау жағдайына, оның ішінде отандық материалдар мен тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерге қолданылады.

8.3.5. Орындаушы өз қызметкерлері мен қоса орындайтын тұлғалары арасында (Қазақстан Республикасы азаматтары мен шетел азаматтары арасында) еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.3.6. Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарын мердігер ұйымдар үшін сақтамағаны немесе бұзғаны үшін Орындаушы/қоса орындайтын тұлға Шарттың №4, 5 және 6 Қосымшасында көзделген жауаптылықта болады.

8.3.7. Егер осы Шартты орындау кезінде осы 8-бөлімде және Шарттың №4, 5 және 6 Қосымшасында көзделмеген өзге бұзушылықтар анықталса, Орындаушы Шартқа сәйкес ресімделген құжат негізінде Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде айыппұл төлейді.

8.3.8. Тапсырыс беруші Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда, Орындаушы Шарттың 8.2.4-тармағында көзделген айыппұлды төлеуге міндетті.

8.3.9. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

8.3.10. Егер Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлем жүргізіп, ал Орындаушы белгіленген мерзімде Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаса немесе тиісінше орындамаса және/немесе Шарт тоқтатылған (оның ішінде бұзу арқылы) жағдайда, Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіні міндеттемелерді орындау мерзімінен кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге және Тапсырыс берушінің алғашқы жазбаша талабы бойынша қабылдау актілерімен расталмаған ақшалай қаражаттарды талап түскен күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде қайтаруға міндетті. Ақшалай қаражаттарды қайтару мерзімін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабымен қайтарылуға тиісті сома мөлшерінен әрбір кешіктірілген күн үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын айыппұл төлейді.

8.3.11. Егер Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзса, орындамаса немесе тиісінше орындамаса, Шарттың 8.3-тармағында көзделген айыппұлды/өсімпұлды/жазаны төлеу талаптарынан бөлек, Тапсырыс беруші 9.3.2-тармаққа сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

8.3.12. Айыппұл (өсімпұл, штраф) төленетін Тараптың талабы бойынша, залалдар айыппұлдан бөлек толық көлемде өтелуге тиіс.

8.3.13. Егер Тапсырыс беруші Қызметтердегі кемшіліктерді өз күшімен және өз есебінен жойса, Орындаушы осындай шығындарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті.

8.4. Орындаушы Тапсырыс берушінің өзіне тиесілі айыппұлдар (өсімпұлдар, жазалар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын ақшадан ұстап қалуына келіседі.

8.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.5.1. Егер Тапсырыс беруші төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірсе, ол Орындаушыға мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін айыппұл төлеуге міндетті, бірақ ол Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

8.5.2. Егер Тапсырыс беруші Қызметтерді қабылдауды кешіктірсе, Орындаушы Тапсырыс берушіден мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде әрбір күнтізбелік күн үшін айыппұл төлеуді талап етуге құқылы, бірақ ол Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

8.5.3. Егер Тапсырыс беруші Орындаушы енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтаруды кешіктірсе, ол Орындаушыға осы қамтамасыз ету сомасының 0,1%-ы мөлшерінде әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін айыппұл төлеуге міндетті, бірақ ол соманың 10%-ынан аспауға тиіс.

8.5.4. Егер Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер туралы Актке қол қоюды кешіктірсе, Орындаушы Тапсырыс берушіден кешіктірілген сомаға 0,1% мөлшерінде әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін айыппұл төлеуді талап етуге құқылы, бірақ ол Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

8.5.5. Егер Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызметтер көрсету үшін қажет құжаттарды (егер Шартта мұндай құжаттарды ұсыну көзделген болса) негізсіз кешіктіріп берсе және бұл кешігу Орындаушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына кедергі келтірсе, Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушіден мұндай кешігу салдарынан келген залалдың орнын толтыруды және сондай-ақ Қызмет көрсету мерзімін осы кешігуге сәйкес ұлғайтуды талап етуге құқылы, бұл ретте Шарттың шарттарына өзгеріс енгізілмейді.

8.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

8.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.8. Егер Орындаушы Шартта белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен бұзуға, әлеуетті жеткізуші енгізген өтінім қамтамасыз ету сомасын ұстап қалуға және уәкілетті мемлекеттік органға Орындаушы туралы деректерді Қордың сенімсіз жеткізушілер тізіміне енгізу үшін ақпарат жіберуге құқылы. Бұл норма, егер Орындаушы сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін толық әрі тиісті түрде орындап қойған болса және Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мерзімі аяқталғанға дейін орындалған жағдайда, қолданылмайды.

8.9. Тиісті жазбаша хабарламаны Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасы қол қойып, шот жіберген сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде Орындаушы айыппұлды төлеуге міндетті. Орындаушы Тапсырыс беруші ұсынған айыппұл төлеу туралы шот өзара есеп айырысу актісіне енгізіліп, орындалған Қызметтер мен айыппұл төлемдері бойынша өзара талаптарды есепке алу (зачет) үшін пайдаланылуы мүмкін екенін мойындайды.

8.10. Егер Орындаушы қызметтерді уақтылы орындамау немесе мүлде орындамау Тапсырыс берушінің кінәсінен болғанын дәлелдесе, Тапсырыс беруші айыппұл қолданбауға немесе өндірмеуге құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.11. Осы Шарттың 8-бөлімінде көзделген бір немесе бірнеше жағдай туындаған кезде, Тапсырыс беруші ешқандай шектеусіз бірнеше айыптық санкцияларды бір мезгілде қолдануға құқылы.

8.12. Егер Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзса, Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органға «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз жеткізушілер (орындаушылар) тізіліміне енгізу үшін ақпарат жібереді.

8.13. Егер Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзса, Тапсырыс беруші Орындаушы енгізген Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасынан айыппұл және осыған байланысты келтірілген залалдарды ұстап қалуға құқылы.

8.14. Егер Шарт тоқтатылған кезде нақты көрсетілген Қызметтердің құны Тапсырыс беруші төлеген аванс сомасынан аз болса, Тапсырыс беруші енгізілген аванстық қайтару қамтамасыз ету сомасынан айырманы ұстап қалуға құқылы.

8.15. Орындаушы, егер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушіге келтірілген нақты залал мен жіберіп алған пайда сомасы туындаса, Тапсырыс берушінің оларды осы Шарт және Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған өзге де шарттар бойынша төлем сомаларынан ұстап қалуына келісім береді.

8.16. Орындаушы Тапсырыс беруші мен үшінші тұлғалардың алдында өз қызметкерлерінің, тартылған бірлесіп орындаушылардың, сондай-ақ шарт шеңберінде қызметтердің бір бөлігін орындайтын басқа да тұлғалардың заңсыз әрекеттері/әрекетсіздігі және олқылықтары үшін жауапты болады.

8.17. Орындаушының кінәсінен Тапсырыс берушінің мүлкіне залал (жоғалту, ұрлау және т.б.) не Тапсырыс берушінің қызметкерлерінің денсаулығына зиян келтірілген жағдайда, Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген залалды толық мөлшерде өтеу бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8.18. 4.1.70 - 4.1.72 тармақтарын көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда. Егер шартта тұрақсыздық айыбының өзге де мөлшері көзделмесе, Орындаушы шарттың жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапты болады, оны орындаушы төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші Тараптар көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

9.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныста өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

9.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

9.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

9.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

9.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

9.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

9.3.4. Мердігер (Орындаушы) Тапсырыс берушінің 2028 жылғы 8 желтоқсанға дейін қолданыста болатын ГКИ-170 көмірсутектерін барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі өткен жағдайда шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы екендігімен келіседі.

9.3.5. Тараптардың бірі Шартта көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелерді бұзған жағдайда. Қызметтердің орындылығының негізсіздігіне байланысты сатып алу туралы шарттан бас тарту, Тапсырыс беруші Орындаушыға фактілік шығындарын өтеген жағдайда ғана рұқсат етіледі.

9.3.6. Орындаушы банкрот деп жарияланған, төлем қабілетсіз деп танылған немесе қызметті жүзеге асыруға құқық беретін лицензиялары мен рұқсат құжаттары тоқтатылған/жойылған жағдайда, Шарт дереу бұзылады. Бұл тармақ сот актілері мен сот орындаушыларының қаулылары негізінде де қолданылуы мүмкін, егер олар Орындаушының Шарт бойынша міндеттерін орындауына шектеу қойса.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.4. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

9.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

9.6. Тапсырыс беруші Шарттан біржақты бас тартқан жағдайда, ол Орындаушыға Шартты бұзу туралы жазбаша хабарламаны кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жіберуге міндетті. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылатын шарттық міндеттемелердің көлемі және бұзылу күшіне енетін күн көрсетілуі тиіс. Мұндай жағдайларда Орындаушы Шартты бұзу күніне дейін нақты орындалған жұмыстарға байланысты шығындардың өтемін ғана талап етуге құқылы

10. Хат-хабар

10.1. Осы Шарт бойынша жазбаша нысанда жүзеге асырылуға тиіс барлық хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұраныстар, талаптар, келісімдер, нұсқаулар, тапсырыстар, сертификаттар және өзге де құжаттар алдын ала жіберіліп, қолма-қол немесе пошта арқылы хабарламамен, факс, не электрондық пошта арқылы жолдануы тиіс. Факс немесе электрондық түрде алынған хабарламаның түпнұсқасы 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылуға тиіс. ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) қойылған және электрондық түрде жіберілген құжаттар үшін түпнұсқаны ұсыну талап етілмейді. Егер Шартта Орындаушының электрондық мекенжайы нақты көрсетілмесе және Орындаушы оны Тапсырыс берушіге ұсынбаған болса, Орындаушының ресми электрондық мекенжайы ретінде оның көрсетілген стандартты (ресми) электрондық поштасы танылады. Барлық хат алмасу құжаттары осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты тараптардың реквизиттері мен Шарт нөмірін қамтуы тиіс және Веб-порталда орналастырылады.

10.2. Электрондық және/немесе тапсырысты пошта, курьерлік жеткізу, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (егер ертерек алынғаны дәлелденбесе), оны алғаны туралы белгі қойылған сәттен бастап жеткізілді деп есептеледі.

10.3. Тапсырысты (әуе) пошта арқылы жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөрі болған жағдайда жеткізілді деп саналады.

10.4. Тараптар заңды мекенжайы, нақты мекенжайы немесе банк деректемелерінде өзгерістер болған жағдайда бір-бірін дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

11.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ұзақ мерзімді шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

11.2. Егер Шарттың Тараптары үлестес тұлғалар болып табылған жағдайда, Тараптардың уәкілетті органдары оны жасасу туралы шешімдер қабылдаған жағдайда Шарт күшіне енеді.

11.3. Орындаушының еңбек қатынастары саласындағы міндеттемелерді, оның ішінде негізгі жалақыны төлеу және қызметкерлерге ынталандыру төлемдерін төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындауы аясында шарт осы міндеттемелер толық орындалғанға дейін, шарт жасалған күннен бастап кемінде 5 жыл мерзімінде қолданыста болады.

11.4. Егер Шарттың жалпы құны оған Тараптар қол қойылатын күні 7 миллион АҚШ долларынан асатын болса, онда Шарт Тапсырыс берушінің директорлар Кеңесі оны жасасу туралы шешім қабылдағаннан кейін күшіне енеді.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл жағдайлар олардың еркінен тыс болған және міндеттемелерді орындауды мүмкін етпейтін форс-мажор жағдайларының (су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи апаттар, эмбарго, соғыс немесе әскери әрекеттер, диверсия, терроризм, мемлекеттік органдардың қызметтер көрсетуді тыйым салатын немесе оған кедергі келтіретін нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі және т.б.) салдарынан болса.

12.2. Форс-мажор жағдайлары туындаған кез келген тарап олардың басталған күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде басқа тарапқа бұл туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Мұндай жағдайлар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжаттың түпнұсқасымен расталуға тиіс.

12.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі форс-мажор жағдайлары әрекет еткен уақытқа және олардың салдарларына сай ұзартылуға тиіс.

12.4. Егер 12.2-тармақта көзделген тәртіппен хабарлама жіберілмесе немесе кеш жіберілсе, тарап өз міндеттемесін орындамау үшін жауапкершіліктен босататын жағдайларға сілтеме жасау құқығынан айырылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

12.5. Егер тараптардың өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындауының мүмкін еместігі 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, тараптар Шартты бұзып, өзара есеп айырысуға құқылы.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Шарттан туындайтын немесе онымен байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

13.2. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады.

13.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.8. Орындаушы мынадай ескертпелердің кепілдіктерін сақтайды: - мемлекетпен байланысты тұлға болып табылады/болып табылмайды) және оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері не тікелей немесе жанама иелері болып табылатын Саяси маңызы бар тұлғалар (бар/жоқ). Орындаушы қандай да бір саяси маңызы бар адам Орындаушының лауазымды адамы немесе қызметкері болған не Орындаушының тікелей немесе жанама қатысу үлесін алған барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді; -қандай да бір заңсыз мақсаттарда емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және тек заңды қаржыландыру көздері бар; - Орындаушы мен оның үлестес тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталған жоқ немесе оларды жасағаны үшін кінәлі деп танылған жоқ. Егер орындаушы немесе оның қандай да бір үлестес тұлғалары осындай құқыққа қайшы әрекеттерді жасағаны үшін сотталса немесе жасағаны үшін кінәлі деп танылса, Орындаушы Тапсырыс берушіні дереу жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді. - Орындаушы Тапсырыс беруші/«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) іскерлік әдеп Кодексімен және Тапсырыс берушінің ресми Веб-сайтында Тапсырыс берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқанын растайды. Орындаушы ҚМГ Іскерлік әдеп кодексін және Тапсырыс берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын толық түсінетіндігін куәландырады.

14.9. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (бұдан әрі – ММГ АҚ немесе Қоғам) қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар не келесі ақпарат анықталған жағдайда (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей): - сыбайлас жемқорлық, алаяқтық және жымқыру фактілері туралы; - бақылау (қадағалау), сатып алу рәсімдерін жүргізу кезіндегі бұзушылықтар туралы; - қызметтік жағдайды теріс пайдалану және лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін асыра пайдалану туралы; - ММГ АҚ-ның іскерлік беделіне не материалдық залал келтіретін немесе зиян келтіруі мүмкін өзге де іс-әрекеттер жасау туралы; Сізге 8-800-080-47-47 нөмірі бойынша «Жедел желіге», 87711918816 WhatsApp нөмірі бойынша, www.sk-hotline.kz интернет порталына және/немесе mail@sk-hotline.kz электрондық поштасына хабарласу

қажет. Өтініштің құпиялылығына кепілдік беріледі. Көрінеу жалған мәліметтерді тарату ҚР Қылмыстық кодексінің 274 бабымен жауапкершілік көзделгенін қаперіңізге береміз.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

15.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагент-банктердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелер жіберу жолымен төлемнің деректемелері мен детальдары туралы ақпаратты ашуға құқығы бар екендігімен келіседі.

15.3. Осы бөлім Шарттың мәніне қатысты сот органдарының сұрауы бойынша немесе сот талқылауы барысында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың талабы бойынша құпия ақпаратты ашу жағдайларына қолданылмайды.

15.4. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап үш (3) жыл бойы құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.

16. Санкциялық ереже

16.1. Тараптар осы Шартты Орындаушының кепілдіктері негізінде және Орындаушы өзінің қызметін экономикалық санкциялар туралы заңнаманы қатаң сақтай отырып, бұзушылықтарсыз жүргізіп келгеніне, жүргізіп жатқанына және жүргізе беретініне адал сенім білдіре отырып жасайды. Осы Келісімнің жасалған күніне Орындаушы экономикалық санкциялар туралы заңнаманы сақтау және оны орындауға ынталандыру мақсатында тиісті саясат пен рәсімдерді енгізген және қолдап отырғанына кепілдік береді. Мұнда экономикалық немесе қаржылық санкциялар деп АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC), сондай-ақ АҚШ, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Ұлыбритания, Еуропалық Одақ немесе Еуропалық Одақтың кез келген мүше мемлекетінің өзге де органдары, департаменттері немесе агенттіктері басқаратын санкциялар түсініледі. Орындаушы келесілерге кепілдік береді және міндеттенеді: (a) Орындаушының өзі де, оның аффилиирленген тұлғалары да, акционерлері немесе олардың кез келгені де Еуропалық Одақтың, және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне енгізілген тұлғалар болып табылмайды, сондай-ақ АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC) жүргізетін келесі санкциялық тізімдердің ешқайсысына енгізілмеген: • SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы белгіленген азаматтар мен бұғатталған тұлғалар тізімі); • CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік немесе төлем шоттарын жүргізуге тыйым салынған немесе шектеу қойылған шетелдік қаржы институттарының тізімі); • NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN тізіміне кірмейтін санкциялар тізімі); сондай-ақ экстерриториалды күші бар кез келген өзге санкциялық тізімдерге кірмеген. (b) Шарттың жасалуы және (немесе) оның Орындаушы тарапынан орындалуы жоғарыда көрсетілген санкцияларды бұзуға әкелмейді. (c) Орындаушы өз міндеттемелерін орындауы тиіс күнге және осы Шарт бойынша нақты орындау күніне дейін оның шоттары, соның ішінде жеке және корреспонденттік шоттары, осы Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын банктер мен қаржы институттарында орналасқан, олар Еуропалық Одақтың активтерді бұғаттау және қаражат пен экономикалық ресурстарды пайдалануға тыйым салу режимі қолданылатын тұлғалар, топтар мен ұйымдардың біріктірілген тізіміне (EU Consolidated List), және (немесе) Ұлыбританияның Қаржылық санкцияларды іске асыру басқармасының тізіміне (UK OFSI Consolidated List), және (немесе) OFAC жүргізетін SDN, CAPTA, NS-MBS тізімдеріне енгізілмеген (d) Орындаушы, оның аффилиирленген тұлғалары және (немесе) акционерлері ешқандай Экономикалық санкциялармен тыйым салынған мәмілелерге қатыспайды және санкциялық тұлғалармен немесе олардың пайдасына осындай мәмілелер жасамайды. (e) Орындаушы, оның аффилиирленген тұлғалары және (немесе) акционерлері ешқандай түрде санкциялық тұлғаларды қаржыландырмайды және олардың қызметін жеңілдетпейді. (f) Орындаушы, оның аффилиирленген тұлғалары және (немесе) акционерлері ешқандай келісімге, мәмілеге, шартқа немесе қатынастарға санкция салынған тұлғалармен немесе олардың пайдасына (соның ішінде кез келген жылжымайтын мүлікке қатысты), сондай-ақ санкцияланған аумақта орналасқан не Иран мұнайы, мұнай өнімдері немесе мұнайхимия өнімдерімен байланысты мәмілелерге қатыспайды және қатыспауға міндеттенеді; (g) Орындаушы, оның аффилиирленген тұлғалары және (немесе) акционерлері өзге де ешқандай іс-әрекеттер арқылы Экономикалық санкцияларды бұзуға немесе [Қордың] не үшінші тұлғалардың Экономикалық санкцияларды бұзуына себепші болмауға міндеттенеді; (h) Орындаушы, оның аффилиирленген тұлғалары және (немесе) акционерлері Экономикалық санкциялар қолданылатын аумақта (Санкцияланған аумақта) орналаспаған, яғни мұндай аумақта орналасу Экономикалық санкцияларды бұзуға немесе бұзуға әкелуі мүмкін жағдайларда; (i) Орындаушы, оның аффилиирленген тұлғалары және (немесе) акционерлері Экономикалық санкцияларға байланысты бұғатталған немесе тұтқындалған мүлікке қатысы жоқ және ондай мүлікте үлесі немесе мүддесі жоқ, егер бұл бұғаттау немесе тұтқындау Экономикалық санкцияларды бұзуға немесе бұзуға әкелуі мүмкін болса; (j) Осы Шартқа Орындаушы атынан қол қоятын тұлға(лар) Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізімдеріне, сондай-ақ АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC) жүргізетін келесі тізімдердің ешқайсысына енгізілмеген: • SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы белгіленген және бұғатталған тұлғалар тізімі); • CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік немесе төлем шоттарын жүргізуге тыйым салынған немесе шектеу қойылған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

